

## КӨК ДАУЫЛДАЙ КЕУДЕЛІ

Қасым Аманжоловтың ақындық, адамдық қалып-тұлғасы алабөтен өзгеше еді. Нағыз тынымсыз поэзияға лайық өз бітімі де елгезек, сергек, ылғи ояу жан болатын. Осыған сай тілі де өткір, ащы келетін. Мұнысы шыншыл өлең өнерінің тұздығындай Қасым поэзиясың әрлі, әрі нәрлі ететін. «Дауыл ғой дауылдан бар тұрған бойым, мен қайтіп іштегі өртті жасыра алам» деп өзі мойындағандай өлеңі де өртеніп, жалындап тұрды.

Құя алман үгітілген балшық өлең  
Көңілімдекөл жасамаң тамшыменен,  
Серінің семсеріндей сертке таққан  
Өлеңнің өткірін бір алшы менен,—

деген жолдардан да ақынның өлең жөнін өзінше түсінумен қатар, өз басының мінезін, қайтпайтын қайсарлығын, ащы да болса, шындық досы екенін байқаймыз. Ақынның 1948 жылы шыққан «Дауыл» жинағы оның шығармашылық бетін анықтаған кітап болды. Кезінде бұл жинақ жөнінде әр қилы пікір айтылған. Әсіресе,

оғаненген «Сары арқа», «Ертіс» өлеңдеріне космополиттық өлеңдер деген кінә тағылғаны есімізде. Нағыз патриоттық рухта жазылған осындай және басқа бірсыпыра ақындардың өлеңдеріне қойылған кінә қисынсыз-ақ еді, сондықтан да Қасым сыяқты лаулап тұрған талант иелерібіраз тоқырауға ұшырап қалды. Бұл ұрда-жық сын кәдімгі 1950-51 жылдардағы космополит науқанының салдары еді. Оның басы украин ақыны В. Сосюра-ның «Украинаны сүй» деген өлеңінен басталғаны мәлім. Шындығында, Қасымның бұл өлеңдері туған жерді басып, батысқа, майданға бара жатқан азаматтың елі, жері туралы ойы, толғауы еді. Амал қанша, ойдан шығарылған науқан кезінде әр әдебиет өз ішінен космополит табуы керек болды да, Қасым ақын соның құрбаны етілді. Кейін, есімізде, Қасым көбіне аударма ісіне ауысты, М. Лермонтовтан, А. Пушкиннен аударды. Қайтыс болар алдында шыққан таңдамалы жинағына көбіне-көп осындай аудармалар енді де, төл шығармалары өте аз кірген еді.

1953 жылдың декабрь айында Қасым Аманжоловпен соңғы рет кездестік. ҚКП Орталық Комитетінің әдебиет және өнер бөлімінің қызметкерлері Андрей Трофимович Изотов пен осы әңгіме авторы екеуміз ақынның көңлін сұрауға бардық. Бұл жөнінде бірінші хатшы Ж. Шаяхметовтың тапсырмасы болғанын бөлімде айтқан. Ақынның науқасы дендеп, біраз ауырпаған кезі еді. Әйгілі пәтер жайындағы эпопея аяқталып, ақынның екі бөлмелі үйге қолы енді жетіп, қыстың көзі қырауда пәтерге жаңа ғана кірген кезі. Ленин даңғылы мен Виноградов көшелерінің маңайынан тұрғызылған екі қабат жұпыны жатаған үй. Соның бірінші қабатынан пәтер тиген екен. Біз барсақ үйдің іші бу, ылғал екен, жанған от, плита, қайнаған самаурыннан қабырғалар суланып кеткен. Қасым өзі керуette қабат-қабат жастық үстінде жантайып жатыр. Есіктен қарсы алған жұбайы Сәпен бізді жоғары қарай жетелейді. Біз орындық алып, ақынның жанына кеп отырдық. Жөтел қысып, ентіге дем алып отырған Қасекең бізге өте жылы шыраймен қарап, ықыласпен сөзге араласты, есен-саулық сұрасты. Соңғы жинағының бір данасын ала келгенбіз, оның үстіне Жүмекең сәлем айтып жатыр деген соң, көңілі мүлде көтеріліп, басын жастықпен демей, әңгімеге кірісіп кетті. Көптен таңдамалы кітабы шықпаған ақын соңғы жинағына балаша қуанып жатыр, көлемі де біраз бар екен деп қояды. Нау-

қасының мән-жайын сұрастырғаннан кейін, ол да, біз де тезірек айығу тілегін айтысып, қоштастық. Ғазиз жан кейін бір жылға толар-толмаста дүние салды. Қайтыс болғанына жыл толғанда ақын Әбділда Тәжібаев «Қазақ әдебиетінде» «Жыл толды үлкен жүрек тоқтағалы» деген көлемді еске алу мақаласын жазды. 1955—1956 жылдары ақынның үш томдық толық жинағы жарық көрді. 1965 жылы бір томдық таңдамалары басылып шықты. Мұның бәрін ұйымдастырып, жүзеге асырғандар Е. Ысмайылов, Ә. Тәжібаев, С. Мәуленов, Т. Әлімқұлов еді. Бұл басылымдар ақын атына деген үлкен ізгі белгілер болып қалды.

Қазақ поэзиясында өзіндік айбарлы үн қалдырған талант иесі Қасым Аманжолов өткен жол 30-жылдар мен Ұлы Отан соғысы, сонан кейінгі жеті-сегіз жыл шамасы. Өмірінің соңғы кездері ауыр науқаста өтті.

Ақын айрықша талант, дарынымен ерте көрінді, бүкіл саналы өмірін қалам өнеріне жұмсады. Қазақ поэзиясын көркемдік, өткірлік, тапқырлық, идеялық тереңдік, мазмұндылық жағынан ілгері бастырған ақын еді. Мәдениетіміздің белесті асуындай өз алдына бір төбе, мол мұрасы соңғы қаламдастары мен оқушыларына мирас боп қалды.

Ата-анадан жетім қалған Қасым Семейдегі балалар үйінде тәрбиеленіп, сондағы бастауыш мектепте, кейін мал дәрігерлік техникумда оқиды. 1930 жылдар шамасында орта білім алып, орысша оқып үйренген ол әдебиеттік іске, яғни жазушылық қызметке, алаңсыз көшеді.

Алғаш мектептегі кездерінде жазса да, Қ. Аманжоловтың поэзия майданында жемісті еңбек етуі 30-жылдардың орта шенінен басталады. Бұл тұста ақын қазақ әдебиетінің классиктерін, орыс әдебиетінің алыптары А. Пушкинді, М. Лермонтовты, украин ақыны Т. Шевченконы, әсіресе кеңес поэзиясының маршалы В. Маяковскийді, шетел әдебиетінен Д. Байронды сүйіп оқыған. Орал қаласындағы педагогикалық институтта, Ленинградта орман шаруашылығы институтында оқығанымен, негізгі көңілі әдебиетте, поэзияда болған ақын 1932 жылы Алматыға қайтып оралады да, «Лениншіл жас» газетінде қызмет істейді. Алғашқы жинағы 1938 жылы «Өмір сыры» деген атпен жарық көреді. Ұлы Отан соғысына қатысады. Қ. Аманжоловтың соғыстан кейінгі өмірі түгелдей поэзия жолында өтеді, 50-жылдардың бас

кезінде аса дендей бастаған науқасы жанын қинайды. Соның өзінде ақын өлеңдері оптимизмге толы. Еңбек адамы, бейбітшілік туралы, майдан өмірі жайынан қызғылықты өлеңдер жазады. Ақынның поэмалары, әсіресе «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасы, аса жоғары баға алды.

Өзі оқыған ақындық мектебін аңғартқандай Қ. Аманжоловтың алғашқы өлеңдері М. Горькийге («Сұңқар жыры»), В. Маяковскийге («Ақын»), А. Пушкинге («Ақынның ескерткіші») арналады. 1940 жылы жазған «Жалғыз жалау» деген өлеңі де М. Лермонтов әсерімен жазылғаны сезіледі. Осыған орай «Ақын соты», «Ақынның мінезі» деген көзқарасын аңғартады. Ақын — күрескер, өз Отанының патриоты, ол қас пен досқа немқұрайды қарай алмайды. Жауына бүркіттей шүйілсе, досына қанатыменсу тасиды. Ақын — от жүректі, ыстық қанды жан. Самарқау, салқындық оған жат, ерлікті сүйеді. «Жолдас маршал» (1940) өлеңінде ақын өзінің патриоттық сезімін былай көрсетеді:

Өлім деген  
басынар қорқақ жанды,  
Қорқақ болсын  
деп туған жоқ адамды;  
Жігіттігің не керек,  
жүрсең бұғып,  
Толқын қуған қайықтай шетке ығып;  
Сертім осы,  
қабылал,  
жолдас маршал!  
Жалын жүзді жауынгер келдім,  
қарсы ал.  
Тыныштықта  
маманмын  
жыр тоқуға,  
Майдан болса,  
даярмын оқ атуға.

ҰлыОтан соғысы жылдарында Қ. Аманжолов майданның нағыз қызу ортасында болды. Елін, халқын, жарын сүйген ыстық махаббатты, жалынды лирикалы өлеңдері осы тұста туады. «Ұлы Отан соғысы туралы жыр» (1943 ж.), «Елге хат» (1944 ж.), «Үстімде сұр ши-нелім» (1944 ж.) деген және басқа да көптеген өлең-жырларында ақын елге төнген қауіпті, неміс басқыншы-

ларының айуандық әрекеттерін, бұл тажалға бүкіл халық болып қаһар төккенде ғана жеңіске жетуге болатынын, жеті басты жалмауыздай пәленің түбіне өз жерінде жетіп, қан қақсату керектігін жігерлі, уытты өлең жолдарымен, елін, жерін сағынып, көкірегі қарс айрылған адал ұлы жүрегімен жырлайды. Қ. Аманжолов бүкіл соғыс жылдарын қолына қару алып, қатардағы солдат болып өткізген. Қиыр Шығыстан сонау батысқа дейінгі жолды шарлайды. Қайда жүрсе де, адалдықты, адамдықты, батырлықты паш етеді:

«Өлім» деген арсыз сөз,  
Қайдан маған болдың кез,  
Өлім — жауым, өмір — дос,  
Неге өлейін бостан-бос, —

деп жазады ақын, көңілінің толқыған бір кездерінде. Туған жерді, асыр салып жас шағында ойнаған, есейгенде бойда жігер қайнатып, ақындық, поэзиялық өнерге үйреткен қазақтың ен даласын талай еске алып, Қ. Аманжолов терең сезімге құрылған лирикалық өлеңдер жазған. «Өтіп бара жатырмын» (1943 ж.), «Ертіс» (1943 ж.), «Қанқұйлы жау» (1943 ж.) сияқты өлеңдері патриотизмді мадақтайтын — жоғары идеялы шығармалар. «Ертіс» деген өлеңінде ақын былай дейді:

Күй төгіп кернейлетіп ағады Ертіс,  
Лебімен балқытады даланы Ертіс,  
Ертісім, еркіндіктің бесігі — бұл,  
Ер жігіт, ерте тұр да Ертіске түс.  
Жерімнің жатқан бұл бір көк жойқыны,  
Үстінде ойнақтаған өр толқыны,  
Болаттай суарылған осы Ертісте  
Қайтып та ер болмасын қазақұлы.

1945 жылы жазылған «Жеңіс даусы», «Алматы», «Өз биігім — өз советім» атты өлеңдерінде ақын ұлы жеңісті жырлайды. Жеңіс даусы саңқылдайды, тебіренеді; махаббатты аңсаған, тыныштықты көксеген жандар ұшарға қанатсыз, бойды қуаныш кернеп Мәскеуге, елге сәлем жолдайды.

Қ. Аманжоловтың соғыстан кейінгі өлең-жырларында Отан келбеті, бейбіт өмірдің тыныштығы, еңбекші халықтың тіршілік, тұрмыс сипаты, жарқын болашақ үшін күрес, ұлы бесжылдықтар табысы негізгі тақырып болады.

Қуатты, дәрменді поэзиясында ақын өмірдің әр алуан жайттарын, адам көңіл-күйінің әр қилы мезеттерін алып жырлайды. Ең алдымен кеңес адамы — ақынның өзі де, ал ақын — бүкіл халық, кеңес халқы. Мәселен, фашистке қарсы соғысқан жалғыз ақын ғана емес, бүкіл кеңес халқы, соның ішінде мыңдаған қазақ өкілдері қарумен қарсы шыққаны белгілі. Ақын осының бәрін поэзия дәстүріне лайық өз атынан, лирикалық қаһарман атынан айтады. Фашистерді жерлеп, табалайтын өлеңінде «сен аспанда жұлдыз қақтың, мен далада түйе бақтым» деген жолдар бар. Ақын «түйе бақтым» деп жалпы қазақ тұрмысына тән мал бағу тіршілігін айтып отырғаны белгілі. Ата-бабадан келе жатқан кәсіп. Ал жаңа заман тұсында ғылым, білім алып, мәдениетке жеткен халқы инженер де, шахтер де, ғалым да болды. Бірақ фашистер оларды баяғыша «тағы» халық, сауатсыз халық деп басынды. Ақын осы психологияны ұғады да, жауға мынадай кекесінді, иронияны айтады:

Егерде мен түссем қолға,  
Қамар ең-ау темір торға.  
Олай болмай, бұлай болды,  
Біздің бақыт, сіздің сорға.  
Сен фашиссің, мен қазақпын,  
Өзіңайтқан «азиатпын».  
Таң қаларсың «философым»  
Ғажабына табиғаттың.

Көкірегін ұрып, кекіреңдеген, бүкіл Ресейді «тағы», «бұратаны» халықтарымен қосып үш айда алып бітем деген гитлершілдер 1945 жылы жер құшты, өз жерінде күл-талқан етілді. Лирикалық қаһарман осыған қуанады, масаттанады, бүкіл халық, ел атынан айға ұмтыламы деп мертліккен жауды сықақ, мазақ етеді.

Поэзияда қай ақын, қай өлеңінде болса да, өз атынан сөйлегенде, ортақ ойды айтып отырғаны, лирикалық қаһарман атынан айтып тұрғаны түсінікті.

Қ. Аманжоловтың азаматтық сарыны күшті, адамды сүю, оның ісіне қуану, қоғамға, қауымға пайда келтіру парыз деген рухта жазылған лирикалық өлеңдері аса көркем, тартымды, сұлу. Осы ретте махаббат туралы, адамның көңіл күйі туралы, табиғат жөніндегі өлеңдерін де атауға болады. Кейіннен ыстық-сезім, жалын, от ессе, кейіннен тамылжыған тәтті ұн, гүл мен күннің сыбыры естіледі. Сұлулық пен жарастық суреттеледі:

Алыста асау өзен күркіреген,  
Жер жатыр жалт-жұлт етіп бір түлеген.  
Аспанның өрмегіндей жерге төккен  
Бір нәзік жұпар жаңбыр сіркіреген.

Табиғат суретін ақын осы арада өзінше, басқаларда кездесе қоймайтын бояумен бергені көрінеді.

1950 жылы жазған «Сыйса егер өмір сыры бар жаныңа» деген өлеңінде адамгершілікті, кішіпейілдікті айтады:

Жерде тудың, қадірін сен біле біл  
Аспанға ұшсақ, сонда да жерге үңіл;  
Туған жерде тік бассаң аяғыңды,  
Сен мықтысың еркіндеп ойна да күл.

Өмірінің соңғы кездерінде Қ. Аманжолов Отан алдындағы, халқы, ағайын досы, отбасы алдындағы ақындық борышы туралы көп жазды. Бұл сәттегі өлеңдері — елін сүйген, жұртын сүйген, туған Отанын ілгері, алға бастап бара жатқан қаһарман азаматтың нағыз патриоттық жырлары. Әсіресе, ауру деңдеп, мазасын алған шақтарда да Қ. Аманжолов сары уайыммен сарнамайды. Айнала жарқын жазға, өмірге, жарқын дос көңіліне қарап жадырайды.

Көптеген лирикалық өлеңдерінде Қ. Аманжолов қарызды өтеу, борыштан құтылу деген мотивті көп айтады. Ондағысы Отан, халық алдында босқа өмір сүрмеген болайын деген тілек. «Поэзия асыл жар, тек өзіңе тең болсам», «Көкіректегі күйіңдей, жырыңды жаз ерінбей», «Бәрін де беріп ел-жұртқа, қарыздар болмай өлейік», «Көп борыш мойнымызда өтелмеген, ойым жоқ қарыздар боп кетем деген» сияқты өлең жолдары Қ. Аманжоловтың аурудан қауіптеніп, бар ақындық талантын көрсете алмай кетем бе деген ойын аңғартады. Расында да, соңғы 2—3 жыл ішінде ақын көп өлең жазса алмады. Тек тиіп-қашты болмаса, ығи емделу, аурухана, не үйде төсек тартып жатып қалатын болды. Қ. Аманжолов өмірінің үзілуі қазақ көркем әдебиеті үшін өте ауыр қаза еді. Өйткені бергенінен әлі берері көп ақынның нағыз таланты қаулап өсер шақ енді келген-ді. Соңғы жылдары үстемелеп жазып, ақыры 1954 жылы бітірген «Өзім туралы» деген өлеңі ақынның іштей ойлану, толғану сыры сияқты, әрі кейінге қалдырған аманат сөзіне ұқсайды. Қазір көпшілік жұрт жаттап

алған осы өлеңде мынадай жан тебірентер шумақтар бар:

Ризамын туғаным адам болып,  
Өкінбен қаламын деп бір күн солып.  
Адамзат сапарының мейманымыз  
Бір мезет жер бетіне кетер соғып.  
Бір күні от өмірім қалса өшіп,  
Қайран ел туған жерден кетпес көшіп.  
Торқадай жамылып ап топырағын  
Жатармын өз жерімде бір төмпешік.  
Өкінбен мен де бір күн өлемін деп,  
Өкінем ұқсата алмай келемін деп.  
Күніне жүз ойланып, мың толғанам  
Өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп.

Соңғы төрт жолды шумақ үкімет қаулысы бойынша ақынның басына орнатылған ескерткіш тасқа ойдырып жазылды.

Қ. Аманжолов поэзиясына дауылды, екпінді, серпінді күш тән. Екпінді болғанда көбіне құр айқай, даңғазалық үлгімен жазылған ұран өлеңдер іспетті емес, терең сезім мен мазмұнның, отты, уытты сөздердің екпіні, оқушысын баурап әкететін әсерлі, құнарлы шумақтар екпіні.

Ақынның Отанға, елге арнаған өлеңдерінен В. Маяковский поэзиясының сарыны естіледі. Бұл тек жай еліктеуден емес, үлкен тақырыпты үлкен пафоспен жырлау керектігінен шыққан үндестік. «Дүние дұшпандарына» (1948 ж.), «Той бастар» (1950 ж.), «Отыз үш жыл» (1950 ж.) және басқа өлеңдерінде Қ. Аманжолов саяси, қоғамдық тақырыпты жырлаудың үлгісін көрсетті. «Ленин және дүние» (1940 ж.) деген өлеңінде Қ. Аманжолов мынадай аллегориялық сурет жасайды:

Емдеді дүниені сонда Ленин,  
Ақтарып ақыл-миын, көкірегін...  
Бойына дүниенің қан жіберіп  
Орнатып берді өз миын, өз жігерін...  
Лениннің қызыл туы алды орап  
Шұғылаға шомылдырып жер мен көкті.  
Дүрсілдеп дүниенің кеудесінде  
Лениндік алып жүрек тынбай соқты.

Ежелден еңбекші мен жатып ішер, қаналушы мен қанаушы екі ұдай күресіп, қақ жарылған дүниені ақын



ауырған адам есебінде алады да, Ленинді емші, дәрігер ретінде суреттейді. Ленин идеясы бүкіл адамзат жүрегіне ұялағаны рас, оны ақын дүние кеудесінде лениндік жүрек соқты деп образды теңеумен айтады.

Қ. Амажолов өлеңдерінің түрлік, формалық, ұйқастық, буындық әралуандығы сүйсіндірмей қоймайды. Өлеңнің буынын, ырғағын, ұйқасын өзгертіп, сан құбылып, айтар ой, мақсатқа бағындырады.

Нұрлы дүние — туған елім,  
Жарқылдайсың жас айбынмен.  
Бір сен үшін туған едім,  
Бір сен үшін жасаймын мен.

(«Нұрлы дүние», 1951 ж.)

Бұл шумақтағы ой тек осы формада, сегіз буынмен, «бір сен үшін» деген сөздердің екі рет қайталануымен аса әсерлі шығып тұрғандай. Әрине, бұл ойды басқа формада айтуға да болар еді. Бірақ онда оқушының алар әсері басқаша болуы да мүмкін.

Ақын лирикалық өлеңдермен қатар, көптеген поэмалар жазған. Олардың тақырып, мазмұндары әр қилы. «Құпия қыз» (1939 ж.), «Бикеш» (1940 ж.), «Ақын өлімі туралы аңыз» (1943 ж.) және басқа да поэмалары ақынның уақиғалы (сюжетті) ұзақ шығармалар жазудағы шеберлігін байқатады. Өресі кең, үлкен таланттың ақыны оқушы жұртшылықты «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасымен айрықша риза етті. Қазақ әдебиетінде, әсіресе поэзияда, соғыс кезеңінде тап осындай жоғары баға алып, көп аталып, көп айтылған шығарма кемде-кемақ. Өйткені халық басына соғыс әкелген трагедияны мұншалықты жеткізіп, жан тебіренерлік етіп айтқан ақын аз-ақ.

Поэма майданда қаза тапқан талантты жас ақын Абдолла Жұмағалиевқа арналған. 26 жасында жау оғынан қыршын кетеді. Өжет, ер ақын жастығын ала өледі. Қ. Аманжолов осы қазадан ел қайғысын, майданда азап шеккен жандардың ерлік, қаһармандық бейнесін көреді. Қас жау құтылып кете алмайды, жүрегін бомба етіп атуға даяр халықтан жау қалтырамай тұра алмайды деген мотивті автор уағыздайды.

Поэманы үш бөлімге жіктеп қарауға болады. Бірінші бөлімде ақын (автор) толғауы берілген. Бұл — бір аса күшті жүрек отымен жазылған жолдар. Майдан су-

реті, кекті жан ашуы шиыршық атқан, оттай жарқылдап ұшқындаған сөздермен сипатталған. Өмір мен өлім айқасы өлең сөздерінің тізбегінен, буын, ырғағынан сезіліп жатады:

Майдан етіп дүние төрін,  
Темір, гүрзі қақтап отқа,  
Жекпе-жек кеп өмір, өлім,  
Соққыласып жатқан жоқ па?..

Алда болмақ трагедия көп баяндаусыз, сараң суреттермен аңғартылады. Бірінде ақын:

Қырғын соғыс ортасында,  
Жүрді ұлан  
Кекті зілін  
Қоса түйіп қорғасынға, —

десе, келесі жолдарда «қонды орманға қорғасын бұлт» деп қайталайды. «Қанды ізін қара түнге, көме тастап жаулар отыр» деген жолдар жалпы қауіп күтулі кезеңнің қорқынышын қоюлата түседі. Бұл кіріспе сияқты бөлімде ақын аз сөзбен отты кектің, ерегіске жанын тіккен, өзі оқ боп атылғандай жас ұланның жан күйін суреттейді.

Екінші бөлімде лирикалық қаһарманның ой-тілегі тікелей өз сөзімен айтылады. Мұнан нағыз батырдың, тайсалмас ер жүректі жауынгердің намыс пен кекке бұлыққан айбатты бейнесін көреміз:

Қасиет күші ұлы Отанның,  
Қанатын бер қыран құстың,  
Ашуын бер арыстанның,  
Жүрегін бер жолбарыстың!  
Күллі әлемнің ашу-кегі,  
Орна менің кеудеме кеп.  
Жау жолына атам сені,  
Бомба бол да, жарыл, жүрек!

Қас дұшпанды жеңудің бірінші серті оны жек көре білу болса, тап осы қаһарманның жек көруі жауды ұнтамай, таптамай, кеңірдегінен алып мытымай қоймайтын жек көріс болар. Бүкіл кеңес халқы неміс басқыншыларына лағынет айтса, оның жас ұландары жауға оқ боп атылғаны мәлім. Мұның мысалдары көп. Ақынның осы өлең жолдары нағыз батырлықты, түнерген

күндей салмақты, саналы батырлықты паш етіп тұр. Нанымды, шындық образ — осы.

Үшінші бөлімде ақын қаза тауып, жер дүние күңіренгендей қаралы:

Ұшты құстар шартарапқа,  
Хабарлауға ер өлімін.

Қасым Аманжолов поэзиясында көп ұшырайтын қасиетті дауыл бұл жолы тағы соғады. Аспан да, дауыл да әділетсіздікті көтере алмайды, жас құрбан жайын дүниеге жаймақ.

Бұлтын жиып көкірегіне,  
Күрсінді бір аспан ауыр;  
Қос қанатын соғып жерге,  
Азаланып жетті дауыл;  
«Тапталпан, — деп, — күлін жауға»  
Құшып алып кетті дауыл,  
Республика аспанында  
Осынау күйді шертті дауыл.

Поэманың аяғы осындай апофеозбен бітеді. Мұнан ер өліміне қайғырумен бірге, ата жауымен алысып, кегін ала кеткен батырға деген ризашылық, сүйіспеншілік сезіледі. Трагедияның алдан үміт күттірер оптимистік сипаты көрінеді. Қаһарман батыр өзі де артында қалғандарға:

Туған халқым, туған жұртым,  
Алшы жаудан, алшы кекті, —

дейді, кек алар жұрт, ел барына сенеді, мұны ойлап, жаралы жан рухани жұбанады. Поэманың жарық сәулелі жерінің бірі — осы. Әрине, патриот қаһарманының ерлік ісі кімді болса да жадыратады, қаза тапқанмен, азаматтық борышын ақтап, атын мәңгі тірілер қатарында қалдырғандай, оптимистік бояуы айқын көрінеді.

Қ. Аманжолов поэмасында екі түрлі философиялық ойды аңғартады: ерлік өлмек емес, өлең өлмек емес, Поэманың қаһарманы — қыршын батыр, ер, сонымен бірге ел намысын жыртыған, ел кегін бойына жинаған ақын. Шығарманың өзекті ойы осында: өмір мен өлең жайында.

Табиғат құбылысы, көңіл күй жайы поэмада аз суреттермен ұмытылмастай етіп берілген. Мәселен:

Қара толқын орман шашын  
Жұлды талдап снарядтар, —

дегенде, зуылдап ағып келіп жатқан снарядтардан қалың орман ағаштарының шаштан бір талдап жұлынып, құлап жатқаны көзге елестейді. Немесе:

Мәңгі мекен көл жағасын  
Тастап, суға сүңгіді жар, —

дегенде, жер сілкінген жарылыстардан жар опырыла құлап, суға сіңіп кетіп жатқаны шынайы суретпен берілген.

«Ақын өлімі туралы аңыз» — аса көркем тілмен, жоғары идеялық мазмұнда жазылған поэма.

Орыстың және батыстың классикалық поэзиясын көп оқудың нәтижесінде және оның маңдайалды шығармаларынан үйрену мақсатымен Қ. Аманжолов әуелде тиіп қашты, соңынан арнайы іс етіп аудармашылық қызметпен шұғылданады. Ақын аудармаларының әдебиеттік маңызы үлкен. Өйткені орыс поэзиясының дүние жүзілік маңызы күшті шығармалары бүкіл қазақ әдебиетіне, басқа да сапалы аудармалар сияқты, жаңа үлгі, өрнек әкелді.

Қ. Аманжолов аудармаларының ішінде А. Пушкиннің, М. Лермонтовтың, Н. Некрасовтың, Т. Шевченконың, В. Маяковскийдің, А. Твордовскийдің таңдаулы деген шығармалары бар. Сондай-ақ ақын Д. Байроннан, Низамиден де аударған.

А. Пушкиннен аудармаларының ішінде: «Ақын», «Чаадаевқа», «Тұтқын», «Еркіндік» атты әйгілі өлеңдері бар, «Полтава» атты поэмасын да аударған.

Күбірлейтін  
ежелден  
ақын емен.  
Өлең бетін әскердей  
сапқа құрып.  
Жолдарымен  
жорыққа кетем  
жүріп:  
Қорғасындай  
салмақты  
өлеңдерім

Жеңіске,  
өлімге де  
буған белін.

Қ. Аманжолов — төл шығармаларымен, аудармаларымен қазақ әдебиетінде, бүкіл әлемдік поэзияда өзіндік із, стиль қалдырған, көркемдік, мазмұндық жағынан қазіргі қазақ өлеңін байытқан ірі талант. Сөз өнерін еркін билеп, дәстүрлі өрнекке өз жаңалығын қосқан, қаламының желі бар, өлеңінің арқасы бар, сегіз қырлы, бір сырлы ақын. Шығармалары өзінің тірісінде де, кейін де өз замандастарының, қаламдастарының жоғары бағасына ие болды. Бүкіл одақтық жазушылар съезінің мінберінен (1954 ж.) Қ. Аманжолов өлеңдері мақтау алған.

Жазушы Леонид Соболев былай деген-ді: «Ол қаптаған жауға қасқайып қарсы тұрып, жалғыз оғы қалғанша жалынға өртенген өзінің шебін қорғап соғысып, ерлікпен қаза табады. Осы туралы Қасым Аманжолов «Абдолла...» — «Ақын өлімі туралы аңыз» атты поэмасын жазды. Бұл — шынында да, терең сезімге және жарқын образдарға лық толы, салтанатты, ұлы бейнелі аңыз». Заманымыздың атақты ақыны, мәдениет қайраткері Николай Тихонов: «Қазақ ақындарының жырларында өмірдің кең тынысты лебі өзінің табиғи түйсігімен елестейді... Қасым Аманжолов «Абдолла» поэмасында батыр Абдолла Жұмағалиевтың ерлігін жырлады, геройдың отты өлімін бейнелеуге шебер ақындық сөздер, бояулар таба білген,— деп жазған.

Қазақ әдебиеті сынында да, әдебиет тану ғылымында да Қасым Аманжолов поэзиясы жоғары баға алып келеді. Ақын творчествосы «Қазақ совет әдебиеті тарихы очеркінің» 1957, 1958, 1960 жылғы бысылуларында жеке тарау болып зерттелінген. Алты томдық «Қазақ әдебиеті тарихында» да Қасым Аманжолов творчествосына монографиялық бөлім берілген (1966 ж.).

«Өзім туралы» өлеңінде ақын «Өртке тиген дауылдай өлеңімді Қасымның өзі емес деп кім айтарсын» дегеніндей Қасым Аманжолов шығармашылығы қазақ поэзиясының жарқын беттері болып тарихтан орын алды. Өз үні, өз стилі өзіне лайық, отты, дауылды жылдармен жырлардың дауылпаз ақыны қазіргі әдебиетімізбен бірге жасасып келеді. 1940 жылы жазылған «Дауыл» деген өлеңінде-ақ:

Көк дауылдай кеуделі  
Жігіт болдым, ер жеттім.  
Мен дауылдың ұлымын,  
Тұра алмаймын дауылсыз,  
Қарсы алуға дайынмын,  
Соқса да дауыл дамылсыз, —

деген еді.

Базарбаев М. Көк дауылдай кеуделі //  
Көрікті ойдан-көркем сөз: зерттеулер мен мақалалар.-  
Алматы: Рауан, 1994. – 162-175 б.

1969